


 Мектеп директоры:
 Дүйсенбаева Л.А.
 «31» 08 2023ж

әдістемелік бірлестігінің жоспары бойынша сынып жетекшілердің

2023-2024 оқу жылы

Р/с	Әдістемелік іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	I отырыс: - Жаңа оқу жылындағы тәрбиедегі ерекшелік - Біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуы - Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығы	Тамыз	ДТІЖО Сынып жетекшілер
2	II отырыс - Сынып жетекшінің оқушылардың ата-аналармен қарым – қатынас әдістемесі. 1-4 сыныптың сынып жетекшілерінің жұмыс есебі. - Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын –алу - Мектеп кітапханашысының есебі.	Қазан	ДТІЖО
3	III отырыс: 2023-2024 оқу жылындағы I оқу тоқсанының қорытындысы Тәрбие жұмыс жоспарының талапқа сай өткізілуі	қараша	ДТІЖО
4	IV отырыс: «Мектеп пен отбасы		ДТІЖО

	ынтымақтастығы сапалы тәрбие негізі» 1.Мектеп ережесі, оқушылардың сабаққа қатысуы 5-7 сыныптардың сынып жетекшілерінің есебі - Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында мінез-құлық ауытқушылықтарының алдын алу шаралары (Мектеп психологінің жұмысы)	Желтоқсан	Сынып жетекшілер Психолог
5	V отырыс «Жеке тұлға бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастырудағы сабақтан тыс іс-шаралардың рөлі» «Мектептегі тәрбие жұмысының маңыздылығы» - Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру барысы - Үйірме жетекшілерінің есебі 8-9 сынып жетекшілерінің есебі	наурыз	ДТІЖО Психолог Сынып жетекшілер
6	«Оқушылар арасында суицидтік мінез құлықтың алдын алу шаралары»	Жоспар бойынша	ДТІЖО Психолог Сынып жетекшілер
7	«Ең үздік сынып жетекшісі» жылдық қорытындысы (рейтинг бойынша)	мамыр	ДТІЖО Психолог Сынып жетекшілер
8	VI отырыс «Тәрбие жұмысының тиімділік көрсеткіштері» Тәрбие жұмысының талдауы, келер оқу жылына арналған мақсаттар мен	мамыр	ДТІЖО Психолог Сынып жетекшілер

	міндеттер «ЖАЗ -2024» оқушыларды жазғы демалыс кезіндегі ұйымдастыру шаралары		
--	--	--	--

Мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Хаттама№1

2023 жыл 8 қыркүйек күні «мемлекеттік мекемесінде сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып өтті.

Жиналыс төрайымы

Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары:

Хатшы:

Жиналысқа 12 сынып жетекшісі қатысты

Көрілген мәселелер:

1. Жаңа оқу жылындағы тәрбиедегі ерекшелік
2. «Бір тұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты
3. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығы
4. Сынып жетекшілерінің міндеттерімен таныстыру

- Бірінші және екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары сөз сөйледі. Құрметті әріптестер осы оқу жылынан бастап тәрбие тұжырымдамасы өзгерді. 2023-2024 оқу жылы тәрбие жұмысы келесідей 3 құндылықпен тәрбие жұмысын жүргізетін боламыз. Ол құндылықтың негізгі бағыттарды 8 бағыт яғни, рухани-танымдық тәрбие; құқықтық тәрбие; экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру оған қоса «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан –

4 өнер», Оқуға құштар сынды жоба жұмыстары кіріктіріліп, 3 құндылыққа шоғырланған жоспарлы жұмыстар қолға алынбақ. 8 бағыт алынып тасталынған жоқ тек, 3 құндылыққа кіріктірілген жоспар әзірленуде.

- Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табу қажет.
- Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.
- 2023-2024 оқу жылында ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда жұмыс жүргізу «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс ісшараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.
- Білім беру ұйымдарындағы тәрбие мен оқытуда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде білім алушылардың бойында адами қасиеттерді қалыптастыруға басымдық береді.
- Тәрбие мен оқытудың тұтастығын қамтамасыз ету үшін: 1) пәндік мазмұн шеңберінде: – әр пәннің қысқа мерзімді жоспарын әзірлеуде тәрбиелік мақсатты қою және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
- – бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлауда ортақ тақырыптар мен ұлттық құндылықтарды негізге алу және оның іс-шаралар арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

Үшінші мәселе бойынша Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығына тоқатлып, өз жұмысын биылдан бастап бастайытынын, ол үшін алдын ала сауалнама алынып, жоспар бойынша әр ай сайын 1-4 сыныптың, 5-9 сыныптың ата-аналарымен жұмыс жүргізілетіндігін хабарлады.

Клубтар жетекшісі сөзге алды. .Сынып жетекшілер бірлестігін біздер 1-9 сыныптарға жалпылама 1 адамды бірлестік жетекші ретінде сайлаймыз. Ал ол бірлестіктің негізгі бөлігін бірлестік жетекшілері жасайды. Өткен жылы бірлестік жетекшісі Ж.Абдрахманова атқарды, биылға кімді ұсынасыздар? Қатысушылардың барлығы бір ауыздан бірлестік жетекшісінің қызметін жалғастыруын бір ауыздан қолдады.

3.Төртінші мәселе бойынша мектепшілік сынып жетекшілердің міндеттерін , сынып жетекшілерге таныстырды.

Қаулы

1. Тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар бұйрығы негізінде жасалсын және жұмыстар үйлестірілсін.
2. 1-9сыныптардың сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі етіп бекітілсін.
3. Сынып жетекшілеріне таныстырылған міндеттемелер аясында жұмыстар үйлестірілсін, атқарылған жұмыстар бірлестік отырысында талқылансын.
4. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ұсыныстары мен тапсырмалары назарға алынып орындалсын.

Жиналыс төрағасы
Хатшы



Е.Туримтаев
В.Кабиева

Хаттама№2

2023 жыл 10 қазан коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып өтті.

Жиналыс төрағасы
Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары:
Хатшы:

Жиналысқа 12 сынып жетекшісі қатысты

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Сынып жетекшінің оқушылардың ата-аналармен қарым – қатынас әдістемесі.
2. 1-4 сыныптың сынып жетекшілерінің жұмыс есебі.
3. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын –алу
4. Мектеп кітапханашысының есебі.

1.Бірінші болып күн тәртібіндегі мәселе бойынша директрдың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алды. Құрметті сынып жетешілері оқушылардың сабаққа қатысымы мектептегі негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Әрбір сынып жетекші өзі басқарып отырған сыныптағы оқушылардың барлығы туралы күнделікті толық мәліметке ие болуы керек. Ол үшін сынып жетекші ата-аналармен тығыз байланыста болу керек. Күнделікті оқушылардың сабаққа қатысымы туралы мектеп әкімшілігіне міндетті түрде хабарлану керек. Соңғы 2-3 жыл көлемінде оқушылардың сабаққа қатысмы өте жоғары көрсеткіштерге ие болып отырмыз. Сол көрсеткішті бір қалыпта сақтап қалуымыз керек. Ата-анамен байланысты күнделікті жасап отырыңыздар, қазір барлық ата-ана ватсап

желісінде, байланыс жасау оңай. Отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту үшін баланы оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жүзеге асыруға, тәрбиелік іс- шараларды бірлесе атқаруда ата-аналарды толық тарту қажет. Ата-аналар жиналыстарын дәстүрлі емес форматта өткізу, яғни «Пән мұғалімдерімен баспасөз конференция», «Психологиялық тренинг», шеберлік сыныбы, балалардың ата-аналармен бірлескен сабағы, «Отбасыларды, олардың дәстүрлерін, шеберліктерін, қарым-қатынастарын, көзқарастарын таныстыру мақсатында тәжірибе алмасу» сияқты жүргізу жалғасын таба береді. Биылғы жылы ай сайын ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында балаларының жас ерекшеліктеріне сәйкес жақсы жұмыстар жүргізілуде, ата-аналардың да қатысым жақсы, ол қалыпты ұстап қалуымыз қажет. Сол орталықтың жұмыстарын жүргізуге белсенді ата-аналарды тартуымызға болады. Ата-ана мейілінше мектеппен тығыз байланыста болып, бірлесе жұмыс жасаған кезде бала тәртібіде жақсара түспек.

2.Екінші мәселе бойынша сынып жетекшілердің бірлестік жетекшісі І оқу тоқсаныдағы 1-4 сынып жетекшілерінің жұмыс есебіне тоқталды. Бастауыш сыныпта 5 сынып жетекші бар, барлығы биылғы 294 бұйрыққа сәйкес Біртұтас тәрбие жоспарын жасап, бекіттірді. Тәрбие сағаттарының күндері қойылып, уақытылы өткізілуде. 1 – қыркүйек күні Білім күніне орай, 2-9 сынып жетекшілері «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізіп, «Мектеп-мейірбандық мекені» республикалық челленджіне үн қосты.

4 сынып жетекші жыл мерей тойына орай, «Бойында дарияның, керіле аққан» деген тақырыпта ашық тәрбие сағатын өткізсе, «Ұстаздық еткен жалықпас» тақырыбында 2 «А» сынып жетекшісі, жолда жүру ережесін жақсы меңгерту мақсатында «Бағдаршам әліппесі» деген тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Тәрбие сағаттар өте жоғарғы деңгейде өтті. Сынып жетекшілер тыңғылықты дайындалған, көрнекіліктермен, мазмұнды шара өтуге тырысқан. Сонымен қатар, Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында 4 сыныптар арасында ұйымдастыруымен «Қараша күз келді» мәнерлеп оқу сайысы, бастауыш сыныптар арасында «Беркелі, мерекелі күз келді» байқауы өткізілді.

Алдағы оқу тоқсанымызда да бірнеше ашық тәрбие сағаттарымыз Республика мерекесіне орай өткізу жоспарланып қойылды.

3.Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қазіргі таңда жасөспірімдер арасында топтық бұзақылықтың алдын алу керек, осы орайда 7-9 сынып оқушыларының беймезгіл көшеде, ойын-сауық орталықтарында қатаң тиым салынатындығын, ата-анаға ескертіп отыру қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар оқушылардың көлік жүргізуге, мектепке тиым салынған заттарды әкелуге, сабақ уақытында мешітке бармау, сондай-ақ жұмыс жасауға болмайтындығы ескертілді. Осы орайда барлық сынып жетекші оқушыларға, ата-аналарға түсіндірме жұмысын жасау қажеттігі ескертілді.

4. Төртінші мәселе бойынша сөз алған мектеп кітапханашысы барлық сыныптарғы оқулық барынша толық қамтылып отырғандығын айта отырып, өзінің атқарған жұмыстарына тоқталды.

Қаулы

1. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, тәрбиелік іс- шараларды бірлесе атқаруда ата-аналарды толық тарту;

2. Оқушылардың сабаққа қатысымын анықтап күнделікті мектеп әкімшілігіне хабарлап отыру сынып жетекшілерінен талап етілсін.

3. Жасөспірімдердің құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сынып жетекшілер түсіндірме жұмысын ұдайы жүргізу .

Жиналыс төрағасы
Хатшы



Е.Туримтаев
В.Кабиева

Хаттама №3

2023 жыл 1 қараша күні коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып өтті.

Жиналысқа қатысқаны: 12
Ағымдағы мәселелер:

- 1.2023-2024 оқу жылындағы I оқу тоқсанының қорытындысы
- 2.Тәрбие жұмыс жоспарының талапқа сай өткізілуі
- 3.Мектеп психологы тренинг сағаттары

бойынша 13-қарашасы күні I тоқсанды қорытындылау мақсатында сынып жетекшілермен отырыс өткізілді. Отырыс барысында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алып, Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстарға тоқталып, «Тоғыз айға 9 іс-шара», Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында, Ата-анаммен өткізген бір күнім челленджі, «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы аясында сынып сағаттар өткізілгенін хабарлап өтті. Биылғы жобалар әр түрлі үйірмелер, сыныптан тыс жұмыстар, тәрбие сағаты арқылы іске асырылды жатқандығын жеткізді. Аталған жобаларға мейілінше сыныптан көп бала қатыстыруға жұмыс жасауды талап етті. Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жұмыс жоспарына сәйкес тәрбие сағаттарын уақытылы өткізу керектігі, әр аптада өткізілген тәрбие сағаты уақытылы Күнделік кз – ге түсіп отыру керектігін айтты. I тоқсан бойынша тәрбие жұмыстарына мониторинг жасап, алдағы атқаратын жұмыстарға тоқталды. Атап айтсақ, оқушының күнделікті сабаққа қатысуы, тәртібі, соған сәйкес сынып сағаттарының , ер бала мен қыз балалардың жиналысының уақытылы өткізілу керектігі айтылды.

Күзгі каникул іс-шараларын кестеге сәйкес орындалу керектігін, оқушылардың танымдық қабілеттірін дамыту мақсатында көбірек өндіріс орындарына және мұражайларға бірге барып, уақытты тиімді пайдалану керектігін айтты.

Отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту үшін баланы оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жүзеге асыруға, тәрбиелік іс -шараларды бірлесе атқаруда ата-аналарды толық тарту қажеттігін, ата -ана жиналыстарын дәстүрлі емес форматта өткізу туралы ұсынысын айтып өтті.

Қаулы:

- 1.Тәрбие жұмысының жұмыс жоспарына сәйкес тәрбие сағаттары уақытылы өткізіліп, қол қойылып, Күнд кз-ге жүктелсін.
- 2.Сынып жетекшілеріне таныстырылған міндеттемелер аясында жұмыстар үйлестірілсін, атқарылған жұмыстар бірлестік отырысында талқылансын.
- 3.Сынып жетекшілер мен мектеп психологы үнемі байланыста болсын.
- 4.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ұсыныстары мен тапсырмалары назарға алынып орындалсын.

Жиналыс төрағасы
Хатшы



Е.Туримтаев
В.Кабиева

Хаттама №4

2023 жыл 5 желтоқсан күні коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып өтті.

Жиналысқа қатысқаны: 12
Ағымдағы мәселелер:

- «Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы сапалы тәрбие негізі»
- 1.Мектеп ережесі, оқушылардың сабаққа қатысуы
- 5-7 сыныптардың сынып жетекшілерінің есебі
- Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында мінез-құлық ауытқушылықтарының алдын алу шаралары
 - (Мектеп психологінің жұмысы)

Күн тәртібінде ДТІЖО сөз алып , «Балапан ұяда нені көрсе , ұшқанда соны іледі» - демекші, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Береке-бірлігі мол үлгілі отбасында тәрбиеленген баланың таным жүйесі мейлінше ауқымды , болашақ өркениетке қосар үлесі бар. Тәрбиенің бастауы болған отбасы мүшелері тәрбие мен оқу жоспарын іске асыруда мектептің ең басты одақтасы бола алады. Мектеп пен отбасы мүшелері өзара бірлесіп жұмыс істегенде ғана ынтымақтастықпен қарым-қатынас болып, арада түсіністік пен үйлесімділік орнамақ. Себебі, баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы тәлім-тәрбиедегі бір жүйелілікпен, өзін қоршаған ортамен, бірге оқыған құрбы-достарымен, олардың күнделікті іс-әрекетімен, сөйлеген сөзі, жүріп-тұруы тағы басқа қасиеттерімен тығыз байланысты. Орынды тәрбие арқылы адам баласының тағдыры шешіледі, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде, қай елде болмасын үлкен мән берілген. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский: «Тек ата-аналармен бірге жалпы күш-жігерді біріктіру арқылы ғана мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақыт беруі мүмкін» деген ұтымды ой айтқан. Ұлтымыздың ұлағатты дәстүрлерін кеңінен пайдаланып, тәрбие ісіне арқау ету де өз пайдасын тигізеді.

Отбасы – белгілі-бір дәстүрлерді, адамшылық бейнені, идеялды, жақсы сөз, ұнамды мінез, ыстық ықылас, қуаныш, ашық әңгімелесу арқылы да баланың көңілін тауып, ішкі сырын ашуға болады. Дегенмен, жұмыс барысында көптеген ата-аналардың бала тәрбиесіне деген көзқарастарынан елеулі қателіктерді байқап жүрміз. Кейбір отбасылар баланы киім-кешекпен, тамақпен қамтамасыз етуді ғана өз міндеттеріне алып, тәрбие мен білім беру ісін мектеп мойнына жүктейді. Енді біреулері баласын орынсыз сөгіп, көңіліне қаяу түсіріп жатса, бірі «адам болар бала өздігінен оқып үйренеді» дегенді алға тартады. Мұндай теріс түсініктер баланың келешегіне зиян келтіреді. Ал, орынсыз балағаттап, баланың абыройына нұқсан келтіру ата-ананың бала алдындағы, қоғам алдындағы беделін төмендетеді. Бүгінгі таңдағы бала тәрбиесіндегі кездесетін мұндай олқылықтардың алдын алу үшін ата-ана, мектеп, қоғамдық ұйымдар қай кезде де бірлесе отырып жұмыс жасауы керек,-деп сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог мектеп ережесінің сақталуы өз деңгейінде, оқушылардың сабаққа қатысуы жақсы, себепсіз қалатын оқушы жоқ екенін мәлімдеді.

Үшінші сұрақ бойынша сынып жетекшілердің бірлестік жетекшісі 5-7 сынып жетекшілерінің жұмыс есебіне тоқталды. Ортанғы сыныпта 4 сынып жетекші бар, барлығы биылғы 294 бұйрыққа сәйкес Біртұтас тәрбие жоспарын жасап, бекіттірді. Тәрбие сағаттарының күндері қойылып, уақытылы өткізілуде.

- Төртінші сұрақ бойынша мектеп психологы сөз алып кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында мінез-құлық ауытқушылықтарының алдын алу шаралары жайында тоқталып, алдағы уақытта жұмыстар жалғасын табатыны жайында мәлімдеді.

Қаулы:

1. Мектеп пен ата-ана бірлескен жұмыстарды жандандыру мақсатында жұмыстар атқарылсын.
2. Оқушылардың себепсіз сабақ қалдырмау мақсатында мектеп пен инспектор жұмысы жүйелі түрде жалғасын тапсын.
3. Сынып жетекшілеріне таныстырылған міндеттемелер аясында жұмыстар үйлестірілсін, атқарылған жұмыстар бірлестік отырысында талқылансын.
4. Сынып жетекшілер мен мектеп психологы үнемі байланыста болсын.

Жиналыс төрағасы
Хатшы



Е.Туримтаев
В.Кабиева

Хаттама №5

2023 жыл 5 наурыз күні коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып өтті.

Жиналысқа қатысқаны: 12
Ағымдағы мәселелер:

«Жеке тұлға бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастырудағы сабақтан тыс іс-шаралардың рөлі»

- .«Мектептегі тәрбие жұмысының маңыздылығы»
- Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру барысы
- Үйірме жетекшілерінің есебі
- 8-9 сынып жетекшілерінің есебі
-

Күн тәртібіндегі алғашқы сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алып, оқудан тыс жұмыс — бұл мектептегі оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың формасы болып талылатын оқу-тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі. Оқудан тыс жұмыс жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде оқушылардың рухани-адамгершілік дамуы үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Мектептерде оқудан тыс жұмыстардың сан алуан түрлері пайдаланылады, олар оқушылар үшін маңызды емес, өткені оқушылардың ерікті таңдауына байланысты және олар оқушылардың түрлі танымдық, шығармашылық сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған.

Оқудан тыс жұмысқа оқушылардың қатысуымен өтілетін түрлі тәрбиелік білім беру сабақтары жатады. Мазмұны жағынан оқудан тыс сабақтар түрлі: білім беру, қоғамдық-пайдалы, дене шынықтыру, спорттық, экологиялық, эстетикалық, музыкалық, өнердің түрлерімен байланысты сабақтар.

Оқу-тәрбие жұмысы мен оқудан тыс сабақтардың арасында тығыз байланыс бар. Оқу сабақтары оқушылардың білімге қызығушылықтарын дамытып, оқудан тыс жұмыстың ұйымдастырылуына ықпал етеді, сонымен қатар оқудан тыс жұмыстар оқушыларға игерген білімді кеңейтіп, тереңдетеді, яғни оқушылардың рухани-адамгершілік дамуына ықпал етеді. Осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру қажет,-деп сөзін аяқтады. Екінші сұрақ бойынша ДТІЖО сөз алып, тәрбие ұзақ әрі күрделі процесс. Жеке адамның қалыптасуы бүтіндей бір ұзақ дәуірді қажет етеді. Адам баласы туғаннан бастап, есейіп ержеткенге дейін тәрбиенің ықпалында болса, кейінгі уақытта ол өзін - өзі тәрбиелеу процесімен жалғасып отырады.

Екіншіден, тәрбиелеу барысында қойылған мақсаттың нәтижесін көбінесе жуық арада байқауға болмайды. Өйткені әрбір жеке тұлғаның мінез- құлқында дара ерекшеліктері, қабілеттері, дүниетанымы бірыңғай қалыптасып дамымайды. Оған ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлардың да әсері мол. Сондықтан оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру қажет,- деп сөзін аяқтады.

Үшінші сұрақ бойынша Қалмағанбетова А.О. сөз алып мектебімізде 4 үйірме жұмыс жасайды. Оқушылар кесте бойынша уақытылы келіп, қызығушылықпен қатысады. Түрлі қалалық сайыстарға қатысып жүлделі орындар алып жүргендері жайында мәлімдеді.

Төртінші мәселе бойынша сынып жетекшілердің бірлестік жетекшісі 8-9 сынып жетекшілерінің жұмыс есебіне тоқталды. Ортанғы сыныпта 4 сынып жетекші бар, барлығы биылғы 294 бұйрыққа сәйкес Біртұтас тәрбие жоспарын жасап, бекіттірді. Тәрбие сағаттарының күндері қойылып, уақытылы өткізілуде.

Қаулы:

1. Жеке тұлға бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастырудағы сабақтан тыс іс-шаралар атқарылсын.
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ұсыныстары мен тапсырмалары назарға алынып орындалсын.
3. Оқушылардың бос уақытын ұйымдасту мақсатында жұмыстар жандандырылсын .

Жиналыс төрағасы
Хатшы



Е.Туримтаев
В.Кабиева

Хаттама №6

2023 жыл 4 мамыр күні коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып өтті.

Жиналысқа қатысқаны: 12

Ағымдағы мәселелер:

«Тәрбие жұмысының тиімділік көрсеткіштері»

- Тәрбие жұмысының талдауы, келер оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер
- «ЖАЗ -2024» оқушыларды жазғы демалыс кезіндегі ұйымдастыру шаралары

Күн тәртібіндегі алғашқы сұрақ бойынша ДТІЖО сөз алып әрбие жүйесінің тиімділік өлшемі. Жас ұрпақ - ел тірегі ертеңіміздің кепілі. Сондықтан оларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру мұғалімнің басты міндеті. Мектептегі тәрбиенің басты міндеті - оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, оларды дербес өмір сүруге үйрету, жалпы адамзаттың құндылықты меңгеруде шығармашылық, іскерлік, бәсекелестікке дайын, түрлі мамандықты меңгеріп, өмірлік күрделі мәселелерді жылдам шеше алатын азамат тәрбиелеу басты міндетіміз.

Екінші сұрақ бойынша Бүгінгі таңда жас ұрпаққа тәлім- тәрбие беру және білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындау басты мәселе. Тәрбиенің мәні аға ұрпақтың өз тәжірибесін, өз құштарлығын, өз сенімін жас ұрпаққа жеткізу болып табылады. Тәрбие тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін, тәрбие үрдісін жаңаша ұйымдастыру талап етіледі. Осы бағдарламаны жүзеге асыру барысында №8 негізгі мектебінде жас ұрпаққа білім мен тәрбие және біліктілікті жеткізу мақсатында 2023-2024 оқу жылының қыркүйек пен қазан айында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, жаңаша бағыттағы жұмыстар жүргізілді. Мектеп ұжымы тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыру барысында тәрбие

тұжырымдамасының барлық бағыттары мен “Ұлттық мүдде”, “Талап”, “Ар ұят” құндылықтардың қамтылуына көңіл бөлді. Алдағы уақытта жоспар бойынша жүйелі түрде жұмыс жалғасын табады.

Үшінші сұрақ бойынша «ЖАЗ -2024» оқушыларды жазғы демалыс кезіндегі ұйымдастыру шаралары жайында ақпарат берді. Биылғы жылы 81 оқушы және оқушылардың қызығуы бойынша 19 клубтары жазғы демалыста жұмыс жайтыны жайында айтылды.

1.ДТІЖО баяндамасы назарға алынсын.

2. Тәрбие жұмысының талдауы назарға алынып, келер оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер жүйелі түрде атқарылсын

3.Оқушылардың бос уақытын ұйымдасту мақсатында жұмыстар жандандырылсын .

Жиналыс төрағасы
Хатшы



Е.Туримтаев
В.Кабиева